



Қазақстанның Агентағы
Прикладной Экологиясы



«ҚАЗАҚСТАН ҚОЛДАНБАЛЫ ЭКОЛОГИЯ АГЕНТТІГІ» ЖШС-НІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ



Алматы қ.

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ.....	3
2. НЕПЗП ТҮСІНІК.....	3
3. МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ	4
4. ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР.....	4
5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БАҒЫТТАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМАЛАР	5
6. СЫЙЛЫҚТАР МЕН ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАР	5
7. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕК	6
8. САЯСИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ	6
9. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ ҚАТЫНАС	6
10. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ ҚАТЫНАС.....	7
11. БІТІМШІМЕН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТҮЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ ҚАТЫНАС.....	7
12. ЖЕМҚОРЛЫҚ БОЙЫНША КҮДІК ТУЫНДАҒАНЫН ХАБАРЛАУ	8
13. ҚАРЫМТА ШАРАЛАР МЕН САНКЦИЯЛАРДАН БАС ТАРТУ	8
14. АУДИТ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ	8
15. ОСЫ САЯСАТТЫ ОРЫНДАМАҒАНЫ НЕМЕСЕ ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК	9
16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ.....	9

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1. ОСЫ ЕРЕЖЕ «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС-нің Жемқорлықтың алдын-алуға бағытталған, негізгі қағидалары мен талаптарын анықтайтын корпоративті нормативтік құжаты болып табылады..
- 1.2. Осы Саясат Серіктестіктің Дирекциясының қатысушылары және мүшелерінің, Қызметкерлерінің және Серіктестік атынан әрекет ететін басқа да тұлғаларының Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының нормаларын сақтауға бағытталған.
- 1.3. Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, Серіктестіктің Жарғысына сонымен қатар, Серіктестіктің өзге де корпоративті нормативті құжаттарына сәйкес әзірленген және Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі халықаралық тәжірибені де ескереді.
- 1.4. Саясат Серіктестіктің барлық Қызметкерлерінің жоғарғы этикалық стандарттар мен бизнесті ашық әрі шынайы жүргізу қағидаларына бейімдеуді, сонымен қатар Серіктестіктің корпоративті мәдениетін жетілдіруге ұмтылуын, корпоративті басқарудың үздік тәжірибелерін қолдануды және Серіктестіктің тиісті деңгейдегі іскери беделдік ұстанымын сипаттайды.
- 1.5. Серіктестіктің барлық Қызметкерлері осы Саясатты басшылыққа алулары тиіс және оның қағидалары мен талаптарын мүлтіксіз сақтаулары тиіс.
- 1.6. Осы Саясаттың қағидалары мен талаптары контрагенттер мен Серіктестік өкілдеріне, Серіктестік Дирекциясының мүшелері мен Серіктестік Қызметкерлеріне, сонымен қатар тиісті міндеттемелері олардың келісімшарттарында, олардың ішкі құжаттарында бекітілген немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасынан тікелей шығатын жағдайларда өзге де тұлғаларға таратылады.

2. НЕГІЗГІ ТҮСІНІК

- 2.1. «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС-нің осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы (ары қарай-«Саясат») саясатында қолданылатын негізгі түсініктер:
 - **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарт (түсіндірмелер)** – келісімшарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындау барысындағы тараптардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі іс-шараларды анықтайтын келісімшарт ережесі («ҚҚЭА» ЖШС мен контрагенттер арасында жасалған);
 - **Үлестес тұлға** – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес анықталатын тұлға;
 - **Серіктестік және/немесе «ҚҚЭА» ЖШС** - «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
 - **Қайырымдылық және демеушілік көмек** – Қазақстан Республикасы заңнамалары шарттарымен анықталған және белгілі мақсатта тегін табыстау негізінде ұсынылатын мүлік;
 - **Жемқорлық/ Жемқорлық қызмет/ Жемқорлық әрекет** – басымдық немесе мүлктік пайда алу мақсатында Серіктестіктің жеке қызметкері немесе дәнекер арқылы, мемлекеттік қызметті орындау үшін уәкілетті тұлғаға немесе соған тең дәрежелі тұлғаға, сонымен қатар мемлекеттік лауазымда отырған тұлғаға пара беруі сипатталатын жемқорлық қылмыс;
 - **Қызметкер** – «ҚҚЭА» ЖШС-мен еңбек қатынасында тұрған және еңбек шарты бойынша тікелей жұмыстарды орындайтын жеке тұлға;
 - **Уәкілетті орган (УО)** – Қатысушылардың жылпы отырысы/«ҚҚЭА» ЖШС Дирекциясы.

3. МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

3.1. «ҚҚЭА» ЖШС өз алдына төмендегідей мақсаттар қояды:

- Серіктестіктің, Серіктестік қызметкерлерін, олардың атқарып отырған лауазымдарына қарамастан Сыбайлас жемқорлық қызметтерге тарту тәуекелін бәсеңдету;
- Уәкілетті органдардың қатысушыларына, контрагенттерге, Қызметкерлер мен басқа да тұлғаларға Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрі байқалғанда оларды қабылдамау туралы саясатының біркелкі түсініктерін қалыптастыру;
- Серіктестік пен Серіктестік Қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының негізгі талаптарын, сонымен қатар Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі халықаралық тәжірибелердің ерекшеліктерін талдау және түсіндіру;
- Серіктестік Қызметкерлеріне осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта қолданылатын қолданыстағы заңнамаларының негізгі нормаларын білу және сақтау міндеттемелерін қою.

3.2. «ҚҚЭА» ЖШС Қызметкерлермен, оның ішінде қатысушылармен, инвесторлармен, контрагенттермен, үкіметтік органдарының өкілдерімен, өзін-өзі басқару, саяси партиялар мен мемлекеттік қызметті орындаудағы уәкілетті тұлғалармен немесе оларға тең тұлғалармен күнделікті қызметті жүзеге асыру барысында Сыбайлас жемқорлықтың кез-келген түрі байқалғанда оны қабылдамауды білдіретін «нөлдік төзімділік» қағидасын ұстанады.

3.3. Серіктестіктің Басшы Қызметкерлері өздерін бетке ұстар ретінде көрсете отырып, Серіктестіктің барлық Қызметкерлері мен контрагенттеріне осы Саясатты таныстыруды іске асыра отырып барлық деңгейде бой көрсететін Сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне келіспейтін этикалық стандартты қалыптастыруы тиіс.

4. ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

4.1. «ҚҚЭА» ЖШС жалпы алғанда және жекелеген бағыттарда, оның ішінде Серіктестіктің қызметіне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін кезеңдік тұрғыда анықтап, қарастырып және бағалап отырады.

4.2. «ҚҚЭА» ЖШС туындаған тәуекелдерге жауап беретін, Сыбайлас жемқорлықты болдырмау жөніндегі Серіктестіктің тиісті корпоративті нормативтік құжаттарын өзірлеп, енгізеді және олардың сақталуын қадағалайды.

4.3. «ҚҚЭА» ЖШС Сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскери қатынастардағы тәуекелдерді бәсеңдету мақсатында барлық күш-жігерлерін салады, ол үшін контрагенттердің Жемқорлыққа төзімділігін тексеру жүргізіледі, о.і. оларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жекелеген процедуралар мен саясаттың болуы, олардың осы Саясат талаптарын сақтау дайындығы тексеріліп, оның келісімшартына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттар (түсіндірмелер) енгізіледі (осы Саясаттың 36 т. сәйкес), сонымен қатар бизнесті этикалық тұрғыда жүргізіп, Сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін өзара әрекет жасайды.

4.4. «ҚҚЭА» ЖШС осы Саясатты Серіктестіктің ресми сайтында, қол жетімді тұрғыда жариялап, Сыбайлас жемқорлықты қолдамайтындығы туралы ашық мәлімдейді, сонымен қатар осы Саясаттың талаптары мен қағидаларын сақтаған контрагенттері мен өздерінің Қызметкерлерін және басқа да тұлғаларды қолдай отырып, оларды марапаттайды.

4.5. «ҚҚЭА» ЖШС Қызметкерлердің Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мәселелерімен хабардар болуы және тәжірибе жүзінде сыбайлас

жемқорлыққа қарсы саясатты қолдану тәсілдерін меңгерулерін қолдау мақсатында Қызметкерлерді хабардар ету жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін көтеруге әрекет етеді.

- 4.6. Шаруашылық қызметтерге ықпал ететін жемқорлық тәуекелдер мен өзге де факторлар барысындағы туындауы мүмкін өзгерістерге байланысты, «ҚҚЭА» ЖШС Сыбайлас жемқорлықты болдырмау жөніндегі дұрыс процедуралар енгізілген мониторингті жүзеге асырады, оның сақталуын қадағалайды, қажет болғанда оны қайта қарап, жетілдіреді.

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БАҒЫТТАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМАЛАР

- 5.1. ҚҚЭА» ЖШС мен оның барлық Қызметкерлері негізгі талаптары коммерциялық тұрғыда пара беріп сатып алу, пара алуға дәнекер болу және заңсыз түрде материалдық сыйақы, сыйлық, жеңілдіктер мен өзге де қызметтерге пара беруге тыйым салынатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен белгіленген, атап айтқанда Қазақстан Республикасының 18 қараша 2015 жылғы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы-қимыл туралы» заңының, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзшылық туралы» Кодексінің және де басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларын сақтауы тиіс.

- 5.2. Жоғары да баяндалғандарды ескере отырып, Серіктестіктің Қызметкерлеріне:

- 5.1.1. Тікелей немесе жанама түрде, жеке немесе үшінші тұлғадағы дәнекерлер арқылы Сыбайлас жемқорлық әрекеттерге араласуға, пара алушы мен пара берушіге олардың арасындағы пара берумен пара алу жөніндегі келісімдерді жүзеге асыруға жағдай жасауға;

- 5.1.2. Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беруге, сол сияқты оның өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделеріне қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсетуге, Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның ақшаны, бағалы қағаздарды, басқа да мүлікті заңсыз алуы, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделерінде қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін мүліктік сипаттағы көрсетілетін қызметтерді пайдалануына;

- 5.1.3. Жеке компаниялардың және олардың өкілдері немесе ортадаға дәнекер арқылы кез келген мемлекеттік қызметті орындайтын тұлғаның немесе соның лауазымдық дәрежесіне тең тұлғаның атынан кез келген әкімшіліктік, бюрократтық және басқа да кез келген түрдегі қалыпсыздықтарды жеңілдету үшін төлемдер жасауға тыйым салынады;

- 5.2. Серіктестіктің Қызметкерлері халықаралық құқық нормасының жалпы танымал қағидаларын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, сонымен қатар аумақтық жағдайлардың байланыстылығына қарамастан осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтаулары тиіс.

6. СЫЙЛЫҚТАР МЕН ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАР

- 6.1. ҚҚЭА-дегі жұмыстарына байланысты, Серіктестіктің атынан Қызметкердің өзге тұлғалар мен ұйымдарға беруі мүмкін немесе өзге де тұлғалар мен ұйымдардан алуы мүмкін сыйлықтары, сонымен қатар өкілдік шығындар, оның ішінде Қызметкердің Серіктестік атынан іскери қонақжайлылық пен Серіктестіктің жұмыстарын ілгерілетуге ұсынатын өкілдік шығындары төменде көрсетілген 6 (алты) критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

- мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілетті тұлғаға немесе оған дәрежесі тең тұлғаға заңсыз түрде материалдық сыйлықтарды ұсыну коммерциялық

сатып алу мақсатында пара беру мен сыбайлас жемқорлық қылмыс болмауы тиіс;

- Серіктестіктің қызметі мақсатында тікелей байланысты болуы тиіс, мысалы таныстырылымдармен немесе бизнес-жобаның аяқталуына, келісімшарттарды табысты орындауға немесе жалпы ұлттық мерекелер мен есте қалар даталар мен мерейтойларға байланысты;
- ақылға қонымды, мөлшермен болуы тиіс және даңғаза болмау керек;
- алушының әрекетіне, әрекетсіздігіне, салғырттық, жақтаушылық және келісім жасау жөніндегі, лицензия, рұқсаттар мен т.б. нақтыланған шешімдерді қабылдауда құқық беру, оған заңсыз немесе этикалық емес басқа да мақсатта ықпал ету қызметтеріне жасырын сыйлық бермеу керек;
- егер сыйлықтар мен өкілдік шығындар туралы ақпараттар ашылған жағдайда, Серіктестік пен оның Қызметкерлеріне және өзге де тұлғаларға бедел тәуекелін жасамау керек;

6.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының нормалары мен өкілдік шығындарды есептеу мен оны жүзеге асыру тәртібін реттейтін Серіктестіктің корпоративті нормативтік құжаттары мен осы Саясаттың қағидалары мен талаптарына қайшы келмеуі тиіс.

6.3. Серіктестік атынан оның Қызметкерлері мен үшінші тұлға өкілдеріне кез келген валюта түрінде қолма қол немесе ақша аудару арқылы сыйлықтар жасауға рұқсат етілмейді.

6.4. «ҚҚЭА» ЖШС-де белгіленген лимиттен асатын өкілдік шығындарын беру Дирекциямен, сонымен қатар Заң бөлімімен келісілуі тиіс.

7. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕК

7.1. «ҚҚЭА» ЖШС Серіктестіктің беделін құруға бағытталған, әлеуметтік-жауапты бизнес ретіндегі бірыңғай қайырымдылық саясатын жүзеге асырады.

7.2. «ҚҚЭА» ЖШС Серіктестіктің нақты жобаларында коммерциялық басымдық алу мақсатында қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландырмайды.

7.3. Қайырымдылық және демеушілік көмек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен Серіктестіктің корпоративті нормативтік құжаттарына сәйкес, тек толықтай таза әрі ашық болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Қайырымдылық пен демеушілік көмекке қатысты барлық шығындар нақты әрі толықтай құжатталған болуы тиіс және олар 5 жыл кәлемінде сақталады.

8. САЯСИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ

«ҚҚЭА» ЖШС саяси партияларды, ұйымдар мен қозғалыстарды қаржыландырмайды.

9. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ ҚАТЫНАС

9.1. «ҚҚЭА» ЖШС коммерциялық басымдықты алу мақсатында немесе Серіктестіктің есебінен өзге де пайда табу, оның ішінде көліктер шығынын, жайларда тұру, тамақтандыру, көңілін көтеру үшін PR-кампаниялардың, мемлекеттік қызметшілер мен олардың туысқандарының (немесе олардың қызығушылықтарын) кез келген шығындарын төлеуден бас тартады.

9.2. Шетелдік немесе жергілікті мемлекеттік қызметшілерге қонақжайлылық ретінде тікелей және жанама қызметтер көрсетуге, сыйлықтар беруге, немесе кез келген пайданы уәде етуге тыйым салынады.

10. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ ҚАТЫНАС

- 10.1. «ҚҚЭА» ЖШС өз Қызметкерлерін Серіктестіктің Қызметкерлерінің лауазымдық міндеттемелерін қоса ала отырып және заң бұзғаны үшін санкциялар мен талаптардың негізгі қағидалары жөнінде хабардар ете отырып, олардан осы Саясатты сақтауды талап етеді.
- 10.2. «ҚҚЭА» ЖШС-де Серіктестіктің қызығушылығында немесе оның атынан қызмет көрсететін тұлға тарапынан Сыбайлас жемқорлық фактісі туралы заң бөлімінің жауапты қызметкерлері мен Серіктестік басшылығына хабарлаудың қауіпсіз, құпия және қол жетімді жолдары ұйымдастырылған (Серіктестіктің ішкі порталымен Заң бөліміне хабарламаны құпия жіберу арқылы баяндау мүмкіндігі, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық фактісі жөнінде тікелей хабарлау). Сонымен қатар, осы байланыс каналдары бойынша Серіктестіктің басшылығы мен Заң бөліміне Қызметкерлер мен үшінші тұлға тарапынан сұраныстар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы процедуралар мен қадағалауларды жақсарту жөніндегі ұсыныстар түсуі мүмкін.
- 10.3. Серіктестіктің жаңа Қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тиісті деңгейде қалыптастыру үшін осы Саясаттың ережелерімен таныстыру бойынша кіріспе оқытулар жүргізіледі, ал жұмыс істеп жатқан Қызметкерлер үшін дистанциондық түрдегі кезеңдік тұрғыдағы ақпараттық семинарлар өткізіледі.

11. БІТІМШІМЕН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ ҚАТЫНАС

- 11.1. Серіктестік пен оның Қызметкерлеріне осы Саясаттың талаптары мен қағидаларына немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалар нормаларына қайшы келетін қандай да бір әрекеттерді орындау үшін делдалдарды, серіктестерді, агенттерді немесе өзге де тұлғаларды тартуға немесе пайдалануға тыйым салынады.
- 11.2. «ҚҚЭА» ЖШС Серіктестікті Сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекеліне тосқауылдау мен оларды бөсеңдету мақсатында жоғарыда сипатталған заң бұзушылықтарды анықтау және/немесе болдырмау үшін делдалдарды, серіктестіктерді, агенттер мен өзге де тұлғаларды тексеру жөніндегі процедуралардың болуын қамтамасыз етеді.
- 11.3. Осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын орындау мақсатында «ҚҚЭА» ЖШС контрагенттер мен өзге де тұлғалардың келісімшарттарына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттарды (түсіндірмелер) қосуды жүзеге асырады.
- 11.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарт (түсіндірме) «ҚҚЭА» ЖШС-дегі қолданыстағы осы Саясат туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы процедуралар жүйесі жөніндегі мәліметтерден тұруы тиіс, қажет болғанда осы Саясатты келісімшартқа қосымша ретінде қарастырып, осы саясаттың талаптары мен қағидаларын сақтамаған контрагенттер мен өзге де тұлғалардың жауапкершіліктерін анықтайды.
- 11.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарт (түсіндірме) мәтіні төмендегідей тармақтардан тұруы тиіс:
- Осы Келісімшарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындау барысында, Тараптар мен олардың Үлескер тұлғалары қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың әрекеттер мен шешімдерге ықпалын көрсету үшін кез келген тұлғаға тура және жанама мақсатта ақшалай және басқа да құнды заттармен ақысын төлеуді ұсынбайды және рұқсат етпейді ;
 - осы Келісімшарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындау барысында, Тараптар мен олардың Үлескер тұлғалары пара беру/алу, коммерциялық тұрғыда сатып алуға пара беру, Сыбайлас жемқорлық әрекет/Жемқорлық ретінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен осы Келісімшарттың мақсаты үшін қолданылады деп бағаланатын әрекеттерді жүзеге асырмайды;

- осы Келісімшарттағы әр бір Тарап келесі Тараптардың қызметкерлерін қандай да бір жағдай болмасын, оның ішінде ынталандырушы тараптың пайдасына қандай да бір әрекеттерді осы қызметкерлердің орындауын қамтамасыз етуге бағытталған және қызметкерді нақты бір тәуелділікке қоятын, жоғарыдағы тармақтарда аталмаған тәсілдермен оларға бағытталған жұмыстарды өтеусіз орындау мен ақшалай сыйлықтар ұсыну арқылы ынталандырудан бас тартады.
- ынталандыратын Тараптың пайдасына әрекет ететін қызметкер деп мыналар түсіндіріледі:
 - а) өзге контрагенттермен салыстырғандағы жөнсіз басымдықты ұсыну;
 - б) қандай да бір кепілдік беру;
 - в) қолданыстағы процедураларды жылдамдату;
 - г) Тараптар арасындағы өара қарым қатынастарда тазалығы мен ашықтық қағидаларына қайшы келуге бағытталған, Қызметкердің өз лауазымдық міндеттемесі аясында орындайтын өзге де әрекеттері.

12. ЖЕМҚОРЛЫҚ БОЙЫНША КҮДІК ТУЫНДАҒАНЫН ХАБАРЛАУ

- 12.1. Кез келген Қызметкер немесе өзге де тұлғалар осы Саясаттың қағидалары мен талаптарына, мақсаттарына сәйкес немесе «ҚҚЭА» ЖШС-мен өзара әрекет ететін өзге де Қызметкерлер мен контрагенттердің және басқа да тұлғалардың әрекеттеріне, әрекетсіздіктеріне немесе ұсыныстарының заңдылықтарына күмән келтірсе, ол туралы Серіктестіктің Заң бөліміне немесе өзінің тікелей басшысына хабарлауы мүмкін, олар өз кезегінде туындаған жағдайларға қатысты ұсыныстар мен түсіндірмелер береді.
- 12.2. Егер Сыбайлас жемқорлық әрекеттер жөнінде хабарлаған Қызметкер Сыбайлас жемқорлық әрекеттерге тартылған Қызметкерлер тарапынан қысымға ұшырап/ұшырайтын болса онда ол Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сәйкес, оны басқа лауазымға және/немесе басқа бөлімшеге ауыстыру мүмкіндігі қарастырылады. Сонымен қатар, Қызметкер осы хабарламаны баяндаудан кейінгі ұшыраған қандай да бір залалдардың әсері бойынша тәуелсіз кеңестер алуына құқығы бар.
- 12.3. «ҚҚЭА» ЖШС Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларынан бөлек, Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған Қызметкерге қатысты құпияны сақтау міндетін өз мойнына алады.

13. ҚАРЫМТА ШАРАЛАР МЕН САНКЦИЯЛАРДАН БАС ТАРТУ

- 13.1. «ҚҚЭА» ЖШС кез келген қызметкердің коммерциялық сатып алуда пара беруден, пара беруде дәнекерлік көрсетуден, заңсыз материалдық сыйлықтар беруден бас бартып, нәтижесінде Серіктестік пайданы жіберіп алса немесе бәсекелестікке басымдық алынбаған жағдайда, сонымен қатар болуы ықтимал Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған жағдайда, Қызметкердің санкцияға (оның ішінде жұмыстан шығару, лауазымын төмендету, сыйықудан айыру, айыппұл салу, жеке басына қатысты біржақты пікірлерге ұшырау) ұшырамайтынын мәлімдейді.

14. АУДИТ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

- 14.1. «ҚҚЭА» ЖШС-де Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және Серіктестіктің корпоративті нормативті құжаттары талаптарын, оның ішінде осы Саясатпен белгіленген қағидалар мен талаптарды сақтау мақсатында ұдайы түрде қаржылық-шаруашылық қызметке, сонымен қатар бухгалтерлік есептің мәліметтерінің толық әрі дұрыс баяндалуын қадағалау үшін сыртқы және ішкі аудит жүргізіледі.

- 14.2. Ішкі қадағалаулар тәртібі аясында, «ҚҚЭА» ЖШС жүзеге асырылып жатқан төлемдердің дұрыстығын, олардың экономикалық негіздемесі мен шығындардың ойға қонымдылығын қоса алағандағы, сонымен қатар бастапқы есептік құжаттарды растау арқылы осы Саясат талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында коммерциялық қызметтің негізгі бағыттарын тексеруді жүзеге асырады.
- 15. ОСЫ САЯСАТТЫ ОРЫНДАМАҒАНЫ НЕМЕСЕ ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК**
- 15.1. УО мүшелері мен Серіктестік Қызметкерлері, атқарып отырған лауазымдарына қарамастан, осы Саясаттың талаптары мен қағидаларын сақтамағаны үшін, сонымен қатар оларға бағынышты тұлғалардың осы қағидалар мен тадаптарды бұзған әрекеттері (әрекетсіздік) үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған талаптар бойынша жауап береді.
- 15.2. Осы Саясаттың талаптарын бұзған кінәлі тұлға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен Серіктестік Жарғысы мен еңбек шарттарында қарастырылған негіздемелер мен тәртіптер бойынша Серіктестіктің, құқық қорғау органдарының немесе өзге де тұлғалардың бастамасымен тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшіліктік немесе қылмыстық жазаға тартылуы мүмкін.
- 16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ**
- 16.1. Осы Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына немес Серіктестіктің УО шешіміне сәйкес қайта қаралуы мүмкін.
- 16.2. Осы Саясаттағы барлық өзгерістер Заң бөлімімен енгізіледі.
- 16.3. Осы Саясатта қарастырылмаған мәселелер Серіктестіктің корпоративті нормативті құжаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес реттеледі.
- 16.4. Осы Саясат Серіктестіктің корпоративті нормативті құжаттарының электрондық базасына енгізілгеннен кейінгі келесі күнтізбелік күн ішінде өз күшіне енеді.